

А.М. Әбдіров<sup>1</sup>, А.Н.Сакаева<sup>2</sup>, К.Ж.Нұрмұханова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>С.Сейфуллин атындағы КАТУ профессоры,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>п.ғ.к., Қарағанды облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының аға оқытушысы,  
Қарағанды қ., Қазақстан

<sup>3</sup>т.ғ.м., докторант, С.Сейфуллин атындағы КАТУ аға оқытушысы,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

## ЖОО-ДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

### Аннотация

Қазіргі уақытта қарқынды даму үстіндегі жаппай цифрландыру білім беру жүйесін жетілдіруде маңызды орын алады. Технологиялық революцияның басталуы қашықтықтан оқыту технологиясын қамтитын заманауи білім беру технологияларының қолданылуын жетілдіруді талап етеді. Бүгінгі күні қашықтықтан оқытуда маңызды орын алатын дидактикалық жаңалықтар кеңінен қолданылуда. Қашықтықтан оқытуды дұрыс ұйымдастыру, білім беру тиімділігін арттырудың бірден-бір себебі. Осы тұста жаңа оқыту әдістерін пайдалануға мүмкіндік беретін оқу үдерісін ұйымдастыру формаларына жеке тоқталып, оларға талдау жасау қажеттілігі туындайды.

Мақалада қашықтықтан оқыту кезінде қолданылатын оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формалары: электрондық дәрістер, бейнедәрістер, тәжірибелік сабақтар, оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өздік жұмысы, бақылау түрлері қарастырылған. Оларға қысқаша түсініктеме беріліп, ұйымдастырылу, өткізу кезеңдеріне талдау жасалып, кеңінен баяндалған.

**Түйін сөздер:** қашықтықтан білім беру технологиялары, қашықтықтан оқыту, оқытуды ұйымдастыру формалары, электронды дәріс, бейнедәріс, вебинар, бейнеконференция, LMS Moodle.

Abdyrov A.M.<sup>1</sup>, Sakaeva A.N.<sup>2</sup>, Nurmukhanova K.Zh.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Doctor of Education, c.t.s, Professor of the S.Seifullin Kazakh AgroTechnical University,  
Nur-Sultan, Kazakhstan

<sup>2</sup> c.p.s, senior lecturer of the branch of JSC NCPD "Orleu" in the Karaganda region,  
Karaganda, Kazakhstan

<sup>3</sup> m.t.s., Doctoral candidate, senior lecturer of the S.Seifullin Kazakh AgroTechnical University,  
Nur-Sultan, Kazakhstan

## FROM THE EXPERIENCE OF ORGANIZATION OF THE FORMS OF DISTANCE LEARNING AT HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

### Abstract

Today, the rapidly evolving mass digitalization plays an important role in improving the improving of the educational system. The beginning of the technological revolution requires the use of educational technologies, which include distance learning technologies. Nowadays the didactic innovations are widely used so the distance learning plays a significant role in the educational system. The effective organization of distance learning is one of the main reasons for improving the educational results. Here it is necessary to discuss and analyze separately the forms of organization of the educational process which will allow to use the new teaching methods.

The article describes the main forms of organization of the educational process which include electronic lectures, video lectures, practical classes, the students' self study and different control forms being used in distance learning. They have been briefly identified, analyzed and explained in more detailed way.

**Key words:** distance learning technologies, distance learning, forms of educational organization, electronic lecture, video lecture, webinar, video conferencing, Moodle platform.

А.М. Абдыров<sup>1</sup>, А.Н.Сакаева<sup>2</sup>, К.Ж.Нурмуханова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., профессор КазАТУ им.С.Сейфуллина,  
г. Нур-Султан, Казахстан

<sup>2</sup>к.п.н., ст.преподаватель филиала АО "НЦПК "Өрлеу" по Карагандинской области,  
г. Караганда, Казахстан

<sup>3</sup>м.т.н., докторант, ст.преподаватель КАТУ им.С.Сейфуллина,  
г. Нур-Султан, Казахстан

## ИЗ ОПЫТА ОРГАНИЗАЦИИ ОСНОВНЫХ ФОРМ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗАХ

### Аннотация

В настоящее время стремительно развивающаяся массовая цифровизация играет важную роль в совершенствовании системы образования. Начало технологической революции требует использования образовательных технологий, которые включают технологии дистанционного обучения. Сегодня широко используются дидактические инновации, которые играют важную роль в дистанционном обучении. Правильная организация дистанционного обучения является одной из основных причин повышения эффективности обучения. Здесь возникает необходимость отдельного рассмотрения и анализа форм организации учебного процесса, что позволит использовать современные методы обучения.

В статье рассматриваются основные формы организации учебного процесса, применяемые в дистанционном обучении: электронные лекции, видеолекции, практические занятия, самостоятельная работа студента под руководством преподавателя, виды контроля. Даны краткие определения, более подробно раскрыт и проанализирован процесс их организации и проведения.

**Ключевые слова:** технологии дистанционного образования, дистанционное обучение, формы организации обучения, электронная лекция, видеолекция, вебинар, видеоконференция, LMS Moodle.

Қәсіптік оқытуды ұйымдастырудың формасы ретінде оқытушы мен студенттердің сабақтағы қарым-қатынасы, сабаққа топтастырылуы және олардың іс-әрекетінің сипаты, сондай-ақ оны өткізудің орны мен режимі түсініледі.

Оқыту формасын сипаттайтын негізгі белгілер:

- сабақтың дидактикалық мақсаты;
- кеңістіктік-уақыттық сенімділік (сабақ түрі, орны, студенттер мен жаттықтырушылардың құрамы);
- мамандық құрылымы, жұмыс кезкендерінің ретілігі;
- студенттердің тәуелсіздік дәрежесі.

Оқытуды ұйымдастыру формалары педагогикалық процестің дидактикалық, тәрбиелік және дамытушы мақсаттарын а жетуге ықпал етеді [2, 49 б.]. Қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) іске асыру теледидарлық, желілік және кейс-технология бойынша жүзеге асырылады [3, 2 б.].

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде ҚБТ қолдану арқылы бірнеше қысқартылған оқу бағдарламалары бойынша білім беруді жүзеге асыруда желілік технология қолданылады. Желілік технология арқылы қашықтықтан оқытудың технологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқытуды ұйымдастырудың келесі формаларын қолдануға болады:

- электронды дәрістер, медиа-дәріс (аудио, видео, слайд-презентация, медиа объектілерге сілтемелер мен мәтін);
- зертханалық және практикалық сабақтар;
- семинарлар (аудиоконференция, бейнеконференция, эпистоконференция);
- консультациялар (жеке, топтық; техникалық база: электрондық пошта, форумдар, чаттар);
- жобалар (топтық, жеке зерттеу, шығармашылық, ақпараттық; техникалық база: барлық интернет қызметтері);
- жеке (үй) тапсырмалар (эссе, шығармашылық тапсырмалар, есептеу, сызу және т.б.);
- бақылау (on-line тестілеу, студенттің өздік жұмыстарын бағалау, емтихандар; техникалық база: арнайы бағдарламалық қамтамасыздан дыр у қажет).

Аталған оқытуды ұйымдастыру формаларының үнемі қолданыстағы және тиімді нәтижелер көрсетіп отырған түрлеріне тоқталамыз.

Электронды дәрістер – бұл электронды түрдегі дәрістер мәтіні, қосымша презентация материалдары, ғылыми мақалалардан үзінділер, басқа да оқу құралдарынан тұратын файл түрінде жасалған оқу материалдарының жиынтығы.

Бейнедәрістер – бұл қажетті кестелермен, диаграммалармен, иллюстрациялармен және бейне материалдармен жабдықталған арнайы дайындалған, бейне форматтарының бірінде файл түрінде жазылған оқу материалы. Бейнедәрістің негізгі мақсаты – ғылым, техника және өндіріс салаларындағы білімді көрнекі түрде беру, табиғи және технологиялық процестерді визуализациялау, дыбыстық, бейнелік ақпарат құралдары арқылы білімді игеруді қамтамасыз ету, жасырын ішкі құбылыстармен процестерді көрсете алатын мультимедиа мүмкіндіктерін пайдалану.

Бейнедәрістер ақпараттық оқу материалы ретінде қолданыстағы оқу-әдістемелік кешендерінің жиынтығын тиімді толықтырады және кейбір жағдайларда сол мезетте қажет ақпаратқа жылдам қолжетімділік, оқу материалын оқу қарқынының өзгерту мүмкіндігі, бұрын қаралған материалға оралу, жылдам қарап шығу сияқты техникалық мүмкіндіктерін байланысты басқа оқу құралдарымен (кітаптар, дәрістер, әдістемелік нұсқаулар) бәсекеге түсе алады:

Бейнедәрістер де төмендегідей материалдарды пайдалануға болады:

- студенттерді кәсіби даярлаудың мазмұнын а қатысты ғалымдардың, оқытушылардың, қоғам қайраткерлерінің, кәсіпорындар мен сала басшыларының сөйлеген сөздері, ой-пікірлері, ұсыныстары;

- дәрістердің мазмұнын толық немесе ішінара жаңғыртатын дәрістер;

- кез-келген оқу пәніндегі күрделі сұрақтарды түсіндіруді қамтитын бейнекеңестер;

- студенттерден теориялық білім мен практикалық дағдыларды қолдануды талап ететін проблемалық жағдайлар;

- жеке іс-әрекет, тәсілдерді сипаттайтын модельдеуші жазбалар;

- ойын сипатындағы жазбалар.

- Бейнедәрістерді даярлау университетте төмендегідей тәсілдермен жүзеге асырылады:

- аудиторияда дәрістің өту процесін бейнекамера арқылы түсіру жолымен;

- on-line режимінде өткізілетін оқыту формаларының (дәріс, семинар, тәжірибе, кейбір зертханалық сабақтар және кеңес берулер) жазбаларын жасау;

- арнайы программалар (Adobe Premier, Movavi Video Editor, Movavi Screen Recorder, Camtasia Studio 9) көмегімен жазу және монтаждау арқылы.

Бірінші жағдайда түсіріліп даярланған бейнедәрістер Moodle платформасында студенттің жеке оқу жоспарына сәйкес әр пән бойынша жинақталған материалдар қатарынан орын алады, сонымен қатар электронды оқу залы қорында сақталады.

Екінші жағдайда қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша білім алатын студенттермен on-line режимінде өткізілетін дәрістер жазылып, жоғарыда аталған электронды оқытуды басқару жүйесі Moodle платформасының «Вебин арлар» бөлімінде орналастырылады, сонымен қатар дәріс аяқталған соң сақталған бейнежазбаға сілтеме білім алушылардың электронды пошталарына жіберіледі.

Үшінші жағдайда арнайы программалық құралдар арқылы жинақталған бейнедәріс жазып монтаждау келесі мүмкіншіліктерді қамтиды:

1 жұмыс барысын қадағалау, басқару және келесі ойнатуды таңдау мүмкіндігін беру;

2 бейне материал арасында пайдалы ресурстарға түрлі сілтемеле қосу;

3 кез-келген тест тапсырмалары мен сауалнамаларды бейнеге енгізу;

4 оң жауаптар берілген жағдайда күрделі тапсырмаларға бағыттау, қателіктер орын алған жағдайда студенттерді қажет тақырып бойынша толық көрініс, ақпарат беретін бейне түсініктемелерге бағыттау.

Үшінші бағыттағы жұмыс оқу бейнедәрістерінің сапасын жақсарту мақсатында әкімшілік, кадрлық, материалдық күш-жігерді, ресурстарды ортақ жұмылдыру қажет екендігін көрсетті. Осы мақсатта университеттегі дидактика саласының мамандары, кафедра, факультет оқу-әдістемелік комиссиялары оқу құралдарын жасау және пайдалану әдістемесіне сәйкес бұл жұмысты бақылау қажеттігі туындады.

Интерактивті мультимедиялық дәрістер – толық электронды мәтінмен, белгілі бір тәртіппен құрылымдалған, дыбыстық және бейне жазбалармен жабдықталған оқу материалы. Мұндай дәрістердің маңыздылығы интерактивті элементтеріннің жұмысы, оның әдістемелік тұрғыда шебер ұйымдастырылуы болып табылады, оның көмегімен студент қажетті әрекеттерді орындай алады: материалды іздеу, иллюстрациялық материалды қарау, компьютерлік эксперимент жүргізу, тестілеу және т.б. [5, 26 б.].

Бұл дәрістер off-line режимінде өткен жағдайдың өзінде тиімді болып табылады, себебі әр студент өзі үшін материалды оқып үйренудің оңтайлы траекториясын, курстағы жұмыстың ыңғайлы қарқынын және оның қабылдауының психофизикалық сипаттамаларына сәйкес келетін оқып үйрену тәсілін таңдай алады.

Біздің жағдайымызда аталған дәрістер оқытуды басқару жүйесі Moodle платформасында орналастырылып, студенттердің off-line режимінде жұмыс жасауына мүмкіндік береді.


Тәжірибелік сабақтар. Тәжірибелік сабақ теориялық білімді қолдану жолдарын анықтауға, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқыту формаларының бірі болып табылады. Оларға жаттығулар, есептер шығару, кестелер, сызбалар, басқа да графикалық тапсырмаларды орындау, оқу, аудару, шет тілдерінде сөйлеуге машықтану және т.б. жатады. Тәжірибелік, семинар сабақтарының басым бөлігін ақпараттық технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту арқылы тиімді жүзеге асыруға болады. Семинарлардың көпшілігін on-line технологияларын қолдану арқылы өткізу мүмкіншілігі мол: чат, форум, компьютерлік бейне, жаңалықтар тобы. Семинар сонымен қатар нақты емес уақыт шкаласында, яғни off-line режимінде өткізілуі мүмкін, бұл жағдайда да оқытушыда әр студенттің белсенділік деңгейін бағалау мүмкіндігі бар [5, 29 б.].

Зертханалық жұмыстар. Қашықтықтан оқыту кезінде нақты қондырғыларды, зерттеу объектілері мен эксперименттік құбылыстарды имитациялайтын тренажерларды (виртуалды зертхана, шеберханаларды) пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін. Дегенмен әр пәннің ерекшелігіне қарай зертханалық жұмыстарды жаппай қашықтықтан жүргізу мүмкіндігі әлі жеткіліксіз. Бүгінгі күні біздің тәжірибемізде кәсіптік оқыту, экономикалық, энергетика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша көптеген пәндерден on-line режимінде Adobe Connect, Clickmeeting, BigBlueButton платформаларында семинар, зертханалық сабақтар өткізу оң нәтижелер көрсетуде. Осы тұста қашықтықтан оқытуда тәжірибелік, семинар және зертханалық сабақтарды өткізу барысында әр сабақтың ерекшелігіне байланысты аталған платформалардың қолданылатын функционалдық мүмкіншіліктерін таңдай білу педагогикалық шеберлікті талап ететініне көз жеткіздік.

**Студенттің өздік жұмысы.** Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ) оқу үдерісінің сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады. СӨЖ кезінде студент оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болып табылады, еркін сыни ойлау мен тыңдау, өз пікірлерін дәлелдеу және қорғау дағдыларын қалыптастырады. Әр пән бойынша студенттің оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін өздік жұмысы (СОӨЖ) және СӨЖ әдістемелік өамтамасыз етуді кафедралар (оқытушылар) жүзеге асырады [6, 7 б.].

Қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы СӨЖ ұйымдастыру мүмкіндіктері едәуір кеңейіп, бұл оның оқу үдерісіндегі үлесінің артуына әкелуде. Бұл жағдайда оқу және оларға дайындық барысында өздік жұмысқа байланысты барлық сұрақтар: дәріс материалдарымен, қосымша әдебиеттермен танысу, оны зерделеу, түрлі форматтағы тапсырмалармен интерактивті режимде жұмыс жасау, off-line режимінде пікір алмасу, on-line режимінде ойын жеткізу, өздік, бақылау, курстық жұмыс, жобаларын көрнекі түрде көрсете отырып қорғау, сызба жұмыстарының нақты жасалу жолдарын көрсету, әр-түрлі форматтағы тест тапсырмаларын орындау және т.б. өз шешімін толығымен тапты деп сенімді түрде айтуға болады.

СОӨЖ қашықтықтан оқыту жағдайында өте маңызды орын алады. СОӨЖ сабақтың күрделілігімен, студенттердің дайындық деңгейімен анықталатын сабақ өткізудің интерактивті формасы болып табылады. СОӨЖ –ді on-line режимде өткізу тәжірибеміз студенттер тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болып, жақсы талпыныс, оң нәтижелер беруде. Берілген тапсырмаларды барынша шығармашылық қабілеттерін қосып, әр тапсырманы платоформалардың барлық қызметші функцияларын пайдаланып түрлі форматта орындап, көрсетіп баяндауға машықтанған.



Сурет 1 – Жұмыс столын көрсету режимінде ДҚ аппараттық-бағдарламалық мүмкіншілігін баяндау


Орындалған тапсырма жауаптарын көрнекі слайдтар түрінде көрсете отырып баяндау, қызықты мысалдар келтіріп әсерлі әңгімелеу, өз компьютерінің жұмыс столын (Демонстрация рабочего стола функциясын) көрсету арқылы нақты өз мысалын негізінде программалық жабдықтау мүмкіншіліктерін ашып айту, шағын бейне көрсетілім даярлап көрсету сияқты әр түрлі форматта on-line режимінде тапсыру, эфирде өзін еркін ұстау шеберлігімен ұштасып, ерекше әсер қалдырады. Студенттер оқу материалын мазмұнды даярлаумен қатар, оқыту платформасының да барлық мүмкіншіліктерін жетік меңгеріп, тиімді пайдалануды үйренген.

Педагогикалық бақылау. Педагогикалық бақылау оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формаларының бірі, себебі ол студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижелерін, оқытушының педагогикалық шеберлігі мен қалаптасқан оқыту жүйесінің, қолданылған технологияның тиімділігін, сапасын тексеруге мүмкіндік береді. Оқу үдерісіне оқытудың интерактивті әдістері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу педагогикалық бақылаудың тиімділігін арттырудың жаңа тәсілдерін қарастыруға жетелейді.

Педагогикалық бақылау ағымдық, аралық және қорытынды болып бөлінеді. Қашықтықтан оқытуда бақылаудың барлық түрін қолдануға толықтай мүмкіндік бар, оқытушыға жүктемені төмендететін, бақылау тиімділігін арттыратын, көрсетілген мерзімде өтуін реттейтін автоматтан дырылған бақылау жүйесі үздіксіз режимде жұмыс жасайды.

Ағымдық бақылау – күнделікті сабақтарда немесе бекітілген кестеге сәйкес өткізілетін әр тақырып бойынша студенттердің білімін бақылау және бағалау. Ағымдық және аралық бақылауды оқытушы интерактивті сипаттағы практикалық сабақтар мен СОӨЖ аясында жүзеге асырады [6, 9 б.].

Қашықтықтан оқытуда бақылаудың бұл түрін оқытуды басқарудың электронды жүйесінде пәннің оқу-әдістемелік кешені құрылымында орналастырылған сауалнама, бақылау тапсырмалары, өзін-өзі бақылау мәліметтерін тексеру көмегімен ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар on-line режимінде веб-ар, шағын конференциялар, форумдар түрінде өткізілетін СОӨЖ барысындағы студенттердің белсенділігі ескеріледі (2-сурет).



Сурет 2 – СОӨЖ тапсыру кезеңі

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану үздіксіз бақылау мүмкіндіктерін жасауға мол мүмкіншіліктер туғызуда. Мұнда курс оқытушысының дәстүрлі бақылауы, бағдарламалық кері байланыс көмегімен студенттердің ынтығасын арттыруға бағытталған, ойын түрінде орындалатын тапсырмалар арқылы, сонымен қатар сәйкестендіру, есептеу элементтерін пайдаланып орындалатын электронды тест тапсырмалары және деректер қоры негізінде өзін-өзі бақылау жүзеге асырылады. Қабылдау, тексеру, талдау, бағалау функцияларын білім беру порталының бақылау жасауға арналған модулі орындайды, ал анықталған тексеру нәтижелері оқытушы журналынан орын алады. Ағымдық бақылау пән ерекшелігіне икемделіп жасалған электронды тапсырмалар (эссе, сызба жұмыстары, есептеулерді қажет ететін бақылау жұмыстары) түрінде интерактивті режимде орындалады. Бақылаудың бұл түрін қабылдау, тексеру, бағалау оқытушыға жүктеледі.

Студенттердің жазбаша жұмыстарын тексеру off-line режимінде жүргізіліп, ал топтық және жеке кеңестер on-line технологияларды (дыбыстық, бейнеконференция) қолдану арқылы жүргізіледі.

Емтихандарды on-line диалогын қолдана отырып өткізуге мүмкіндік бар, дегенмен студенттердің сессия уақытында компьютерлік тестілеу, курстық, дипломдық жобаларды қорғау қорытынды аттестаттаудың оңтайлы түрі болып қалуда.

On-line сабақтар өткізу тәжірибесі қашықтықтан оқытудың төмендегідей артықшылықтарын көрсетті:

- бірінғай білім беру ортасын құру арқылы білім берудің қол жетімділігі және ашықтығы;
- оқытушылар мен студенттер арасындағы тиімді қарым-қатынас;
- студенттердің өз-ара қарым-қатынастарының артуы;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жағынан;
- толық интерактивтіліктің жүзеге асырылуы;
- бақылау жұмыстары және тест тапсырмаларының студенттердің қызығушылығын арттыратын түрлі форматта берілуі.

Қорыта келе қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу жоспарларын игеруде оқытудың аталған формаларын өту удерісінде студенттер ІТ құзыреттілік деңгейін арттырып, өзін-өзі ұйымдастыруды, басқаруды, бағалауды үйреніп, шығармашылық, сын ойлау қабілеттерін, өз бетімен іздену, жоспарлау, оқу материалдарын зерделеу, талдау дағдыларын ілгері дамытатынын сенімді түрде айтуға болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Назарбаев Н.А. Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жыл 31 қаңтар – Алматы: Егеменді Қазақстан, 2017. – 3 б.

2 Абдыкаримов Б.А., Абдыров А.М., Баубекова Г.Д. Профессиональная педагогика: Учебное пособие. - Астана: типография КазАТУ им. С. Сейфуллина, 2009 г.

3 Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, ҚР Білім және ғылым министрінің 20.03.2015 № 137 жылғы бұйрығы 05.06.2019 № 259 бұйрығымен жаңа редакцияда – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, 2019. – 9 б.

4 Сакаева А.Н. Повышение качества профессиональной подготовки студентов в процессе дистанционного обучения, дисс. на соискание ученой степени к.п.н. – Караганда КарГУ им.Е.А.Букетова, 2009, - 201 б.

5 Демкин В.П., Можяева Г.В. Технологии дистанционного обучения. – Томск: Изд-во Томского университета, 2003.

6 Положение об организации учебного процесса по кредитной системе обучения в Казахском агротехническом университете им. С.Сейфуллина. – Астана: Изд-во КАТУ, 2016 – 12 б.

ӘОЖ 37. 026

МРНТИ 14. 25. 07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.11>

*Г.Р. Бахтиярова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ ОҚЫТУ ДИЗАЙНЫН ҚҰРУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*Аңдатпа*

Мақала мазмұнында бүгінгі цифрлық дәуір талаптарына орай жоғары оқу орындарында оқыту мен білім берудің қайта зерделеніп, зерттелуінің маңызы туралы баяндалады. Бұл міндет қазіргі цифрлық дәуірде ЖОО-да білім беру сапасын арттыру мен тиімді оқыту дизайнын құрудағы әлемдік дидактика теориялары мен тәжірибелерін негізге ала отырып, озық үлгілерін игеру арқылы ғана жүзеге аспақ. Автор бүгінде педагогиканың қайта зерделенуінің қажеттілігінің негізгі себебі медиабілім беру жүйесінің дамуы мен цифрлық технологиялардың дидактика теориясы мен тәжірибесіне қарқынды түрде енуінде деп түсіндіреді. Әлемдік педагогика деңгейінде ғалымдар көтерген онлайн оқыту мен оқу мүмкіндігі және виртуалды білім алудың барлық дағдыларын, цифрлық технологиялардың тәжірибеде кең ауқымда толық қолданылуын жүзеге асыруға баса назар аудару қажеттілігі туралы сөз етіледі. Жүргізілген талдаулар негізінде автор тәжірибеде қолданған ақпараттық технологияларға негізделген интербелсенді оқыту мен оқу әдістерінің тиімділігі, маңызы туралы тұжырымдар жасайды.

**Түйін сөздер:** жоғары мектеп дидактикасы, жоғары білім беру, оқыту, оқыту дизайны, оқытудың (оқудың) әдіс-тәсілдері, интербелсенді әдістер.

*G.R.Bakhtiyarova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>K.ZhubanovARGU,  
Aktobe, Kazakhstan

## WAYS TO USE INTERACTIVE METHODS IN BUILDING LEARNING DESIGN IN THE DIGITAL AGE

*Abstract*

The content of the article provides information on the importance of studying and republishing education and training in higher education institutions in accordance with the requirements of modern digital time. This task in the modern digital world will be realized only through the development of advanced models based on the theory and practice of world didactics in the construction of effective design of training and improving the quality of education in universities. The author explains that today the main reason for the need to rethink pedagogy is the development of media education and the intensive introduction of digital